

**«Сәулеттік жобалау» пәні бойынша  
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған  
тест спецификациясы**

**1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмалырын әзірлеу үшін құрастырылған.

**2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

**3. Мазмұны:** «07310100 - Сәулет» мамандығы, 3W07310101 - Графикалық жұмыстарды орындаушы, 4S07310102 - Техник-жобалаушы біліктіліктеріне арналған «Сәулеттік жобалау» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырыбы	№	Тақырыпша
1	Тұрғын ортаның негізгі ұғымдары.	1	Табиғи-климаттық жағдайлар, тіршілік ету ортасын қалыптастыру.
		2	Сәулеттік дизайнның функционалдық негіздері. Сәулет өнеріндегі стильдердің түрі, ерекшеліктері.
		3	Сәулеттік-кеңістіктің құрылымы. Сәулеттік ортаның типологиясы.
		4	Эргономика және антропометрия.
2	Сәулеттік ортаның типологиясы	5	Тұрғын орта. Көлемді-кеңістік шешімдері.
		6	Сәулеттік сызба. Пішін қалыптастыру және жазықтықтағы кеңістік объектілердің проекциялары
		7	Сәулеттік өлшемдер
		8	Сәулет тарихының мәнерлі стильдері. Сәулеттік мәнерлі стильдерінің негіздері: Модерн Ар Нуво (Арт-Нуво) АртДеко (Ар-Деко) Модерн, Рациональді. Құрылыс және өңдеу материалдары сәулеттік дизайнда.
		9	Сәулеттік стильдері: Постмодернизм Хай-тек, Деконструктивизм, жасыл органикалық сәулетөнері
10	Заманауи сәулетөнерінің атақты тұлғалары:Заха Хадид, Норман Фостер, Сантьяго Калатрава		
3	Композиция және жобалық қалыптастыру үлгісі	11	Сәулет композициясының тәсілдері.
		12	Композиция құралдары.
		13	Фронтальді композицияның негіздері

		14	Түстің қасиеті мен колористиканың ерекшеліктері
4.	Сәулеттік жобалау міндеттері. Құрылыста жобалау кезеңдері.	15	Тұрғын ғимараттардың жобалау принциптері.
		16	Қоғамдық ғимараттардың жобалау принциптері.
		17	Жобалау кезеңдері.
5.	Нақтылау және келісу үшін сәулет-көркемдік шешімдері.	18	Сәулеттік дизайнінде пішіндеу.
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).			

#### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Бұл тапсырмада «Ғимараттар мен имараттардың құрылымдары» пәні бойынша мынадай тақырыптар қозғалды: тұрғын ортаның негізгі ұғымдары; ғимараттар мен имараттардың жалпы мәліметтері; ғимараттар және оларға қойылатын талаптар, күш әсерлері; табиғи-климаттық жағдайлар, тіршілік ету ортасы қалыптастыру. Сәулеттік дизайнның функционалдық негіздері. Сәулеттік-кеңістіктің құрылымы. Сәулеттік ортаның типологиясы; эргономика және антропометрия құрылыстағы модульдік координациялық өлшемдердің негізгі мәліметтері; азаматтық ғимараттарды жобалау негіздері; азаматтық және тұрғын үй ғимараттарының жобалаудың негізгі жағдайлары; азаматтық ғимараттардың құрылымдық бөлшектері мен түрлері; ғимараттардың негізгі конструктивтік элементтері; негіздер және іргетастар; қабырғалар және жеке тіреуіштер; аражабындар және едендер; шатырлар және жабындар; баспалдақтар; балкондар, әркерлер, лоджиялар; өнеркәсіптік ғимараттардың құрылымдық бөлшектері мен түрлері; өнеркәсіптік ғимараттардың жіктелуі және түрлері, жалпы түсініктер; іргетастар және іргетас арқалықтары. Өнеркәсіптік ғимараттардың темірбетонды қаңқасы; мен имараттар; Архаикалық кезеңдердің сәулеттік стилі.

Сәулет өнеріндегі стильдердің түрі, ерекшеліктері. Ежелгі әлем ертекласты мемлекеттердің сәулет өнері. Жерорта теңізінің антикалық сәулет өнері. Ерте феодализм кезеңінің сәулет өнері. Соңғы феодализм сәулет өнері. Қайта жаңару және барокко эпохасындағы Италия сәулет өнері.

Сәулет композициясының тәсілдері.

Композиция құралдары.

Түстің қасиеті мен колористиканың ерекшеліктері

Тұрғын ғимараттардың жобалау принциптері.

Қоғамдық ғимараттардың жобалау принциптері.

Жобалау кезеңдері.

Сәулеттік дизайнінде пішіндеу. Айрықша геофизикалық жағдайлардағы ғимараттардың құрылысы; сейсмикалық аймақтардағы ғимараттардың құрылысы бойынша тақырыптар мен негізгі ұғымдарды, анықтамалар мен формулаларды қамтиды.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге,

дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларының орындау уақыты:**

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

**8. Бағалау:**

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл, жіберілген бір қате үшін – 1 балл, екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

**9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1.Голубева О.Л., «Основы композиции. Учебное пособие», Москва 2001,

2.Рунге В.М. «Эргономика в дизайне среды»,Москва, 2005 г,

3.СНРК 3.02-01-2018, "Здания жилые многоквартирные",

4.Гельфанд А.Л., "Архитектурное проектирование общественных зданий",  
уч. пособие Москва-2006,

5.Агронович - Пономарева Е.С «Интерьер и предметный дизайн жилых зданий»,  
г. Ростов на Дону, 2005 г,

6.П. Нойферт Л. Нефф Проектирование и строительство (2005)

7.Эргономика в дизайне среды. Рунге В.Ф., Манусевич Ю.П. 2005

СН РК 3.02-07-2014 ОБЩЕСТВЕННЫЕ ЗДАНИЯ И СООРУЖЕНИЯ